

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Жайсаң ЖОББМ**

Мектепалды сынып **О «А» сыныбы**

Балалардың жасы **5-6 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **ІІ-апта 12 – 16 ақпан 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Шарлармен жаттығулар орындау. Мақсаты: жаттығуларды орындайды. қызығушылығын білдіреді. (Топпен)	Дидактикалық ойын «Кімде не бар?» Мақсаты: Заттардың (шкаф, орындық т.б) аттарын дұрыс атай біледі.	Дидактикалық ойын "Ғажайып қапшық" Мақсаты: балалар ойыншықтардың атауларын айтады.	Әңгімелесу : "Менің ойыншығым" Мақсаты: Балалар тәрбиешінің сұрағына жеңіл сөздермен жауап береді.	Дидактикалық ойын "Атын атап бер" Мақсаты: түсі мен көлеміне қарамастан таныс заттарды таниды және көрсетеді.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҰІӘ)	«Аспан» Асапан ашық, көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	«Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	«Сикырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	«Қыс» Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өтер қолғаптан.	«Шана» Тонса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тонса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тонса біздің денеміз Тонды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз

1 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Көркем әдебиет
Міндеті: Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.
Мақсаты: театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру.
Күтілетін нәтижелер:
Жасайды: сахналық қойылымға қатысады;
Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді;
Қолданады: сұрақтарға жауап береді
. Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:
– Ертегі ұнады ма?
– Ертегі не туралы?
– Анасы тиінді жұмсап, қыздарын не үшін шақырды?
– Тиін үлкен қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Тиін ортаншы қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Тиін кіші қызды неге айналдырды? Не үшін?
– Қай қыздың әрекеті ұнады?
Рөлге бөліп ойнау

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау -
Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту
Күтілетін нәтиже:
Жасайды: дыбыстық талдау жасайды. **Түсінеді:** дыбыстардың жасалу жолын.
Қолданады: дыбыстарды ажыратады

Дыбыстармен жаттығулар.
Дидактикалық ойын «Дұрыс көрсет» Педагог балаларға дыбыстарды айтады, балалар алдарындағы қызыл, көк түсті белгілерді көрсету арқылы дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады. Мысалы: й, ц, к, е, н, г, ш, щ, з, х, ф, ы, в, а, п, р, о, л, д, ж, э, с, м, и, т, б. Педагог балаларға дауысты дыбыстарды айтады, балалар жіңішке дауысты дыбыстарға қызыл, жуан дауысты дыбыс айтылса, қара түсті белгілерді көрсетеді. Мысалы: а, о, ұ, ы, э, ө, е, э, і, у, и, ү, у. Сөздермен жаттығулар. «Дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалға» дидактикалық ойыны Педагог балаларға суреттер

Сауат ашу негіздері
Міндеті: Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау -
Мақсаты үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасауды бекіту
Күтілетін нәтиже: дыбыстық талдау жасайды.
Түсінеді: дыбыстардың жасалу жолын.
Қолданады: дыбыстарды ажыратады

Сөздермен жаттығулар. «Бірінші дыбысты анықта» дидактикалық ойыны –Балалар, мен суреттерді көрсетемін, сендер суретте бейнеленгендердің атындағы бірінші дыбысты айтасындар. Мысалы: ана(а), әке(ә), етік(е), нан(н), гүл(г), ыдыс(ы), алма(а), есек(е), ұшақ(ұ), аң(а), омыртқа(о), ине(и), алмұрт(а), от(о), орындық(о), елгезек(е), ешкі(е), өмір,(ө), ұлу(ұ), ұршық(ұ), ірімшік(і), ін(і). – Қандай дыбыстан басталатын сөздерді айттындар? (Дауысты дыбыстан басталатын). – Оны қайдан білдік? – Өкпеден шыққан ауа еш кедергісіз шықты. Бұлай дауысты дыбыстар жасалады. Балалар, мен тағы суреттер көрсетемін айтып, бірінші дыбысына мән беріндер.

Сауат ашу негіздері
Міндеті: - Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету
Мақсаты Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету

Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 5. Штрихта 6. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді. Қарындашты қолдарына алып, алдымен ауада жаздырады.

Сөйлеуді дамыту
Міндеті Қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу.
Мақсаты : Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру.

–Қыс мезгілінде неше ай бар?
–Балалар, қыс мезгілінің үш айы да қарлы, аяз, ызғарлы суықпен өтеді.
–Балалар, сендер қар қайтп жауатынын білесіңдер ме?
–Дұрыс, қар жапалақтап, түйіршектеніп те жауады.
–Кәне, бәріміз бірге «жапалақтап», «түйіршектеніп» деген сөздерді қайталайық.
–Балалар, қардың түсі аппақ, жер бетінде күмістей, жып-жылтыр болып жалтырап жатады. Қар – жұмсақ ұлпа

Педагог өлеңді мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіреді.

Қаңтар

Лебі мұздай ызғарлы, Алып келді қыс қарды. Қысқы түндер ұзарды, Ұзақ күндер қысқарды. Аяз сүйіп қарсы алған, Жердің аппақ тұлғасы. Басталады қаңтардан, Қыс айының ортасы

		көрсетеді де, балалар суретті ағайды, сол сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын сөз жалғайды. Мысалы: доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді), мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ... (дәмді), құмыра ... (қызыл), ата ... (еңбекқор), қазан ... (қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ... (қысқа), үстел ... (қоңыр) т.б			
--	--	---	--	--	--

Үзіліс: Қимылды ойындар «Әуедегі атыс»

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР

Мен қандай адаммын ?

Мақсаты: Топта жұмыс жүргізу үшін жағымды ахуал орнату, қарым - қатынастың белсенді стилін және кері байланыс немесе алу тәсілдерін меңгеру;

Әр қатысушы өзінің жағымды , жағымсыз қасиеттерін айтады . Сол бойынша қорытынды жүргізіледі .



Ойын: «Әуедегі атыс» қимылды ойыны

Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау.

Ойынның шарты: Бұл сайыста оқушыларды екі топқа тең бөлесіз. 1-топқа бірыңғай қызыл түс (өз қалауыңыз бойынша да таңдауға болады), 2-топқа жасыл түсті үрленген шар беріп, екі команданың арасын түзу сызық етіп бормен сызып қоясыз. Музыка ырғағымен екі команда өз шарларын қарсылас команда жаққа лақтыру керек. Қай топ жылдам сол жеңіске жетеді.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет


	Қоршаған орта Міндеті: құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау Мақсаты Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен	Математика негіздері Міндеті: - «Қанша?», «Нешінші?» сұрақтарын ажырату, оларға дұрыс жауап беру Мақсаты: 10 көлемінде тура және кері санау дағдысын қалыптастыру	Математика негіздері Міндеті: - Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру.	Математика негіздері Міндеті: - Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру	Қоршаған орта Міндеті: - Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау
--	--	--	--	--	--

	<p>ажырата білу қабілеттерін нығайту.</p> <p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>жасайды: үй құстарының бірнеше түрін атап береді.</p> <p>түсінеді: адамға әкелетін пайдасын, қылықтары мен ерекшеліктерін түсінеді.</p> <p>қолданады: коммуникативті к байланыс орната біледі. Балалар суреттерді карап шығады. Үй құстарын атайды.</p> <p>Адам күтіп-бағатын құстарды үй құстары деп атайды. Адамдар оларға қамқорлық жасайды.</p> <p>Балаларды: балапан, үйректің балапаны, бала қаз, күрке тауық балапаны деп атайды.</p> <p>Адамдар құстарға жем, су береді, оларға арнап күрке, қора салады.</p> <p>Құстардың пайдасы көп. Олардың еті мен жұмыртқасы – тамақ, жүнін тұрмыста қолданады, яғни көрпе. Жастық жасайды. Қарындашпен қоршап сызады. Балалардан суреттерді құрастырып, онда ненің бейнеленгенін айтып беруді сұрайды. Балалар бөлінген бөліктерден этеш, күрке тауық, қаз, үйрек, тауықтың суреттері бейнеленген карточкалар құрастырады.</p>	<p>Күтілетін нәтижелер:</p> <p>менгереди: қарапайым мысалдар шығару, 1-ден 10-ға дейін тура және кері бағытта санауды;</p> <p>түсінеді: 1 санды қоса есептеу арқылы келесі санды және 1 санға азайту арқылы алдыңғы санды алу тәсілін; қолданады: 1-ден 10-ға дейін санау дағдысын.</p> <p>. Педагог сурет бойынша балалар не істеп жүргенін әңгімелеп берулерін сұрайды. - Төбешікте неше бала тұр? (3). Неше бала көтерілді? (1) Барлығы нешеу болды? (4). Екінші сурет бойынша: – Неше бала төбешіктен сырғанады? – Төбешікте неше бала қалды?</p>	<p>Күтілетін нәтижелер: менгереди: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін.</p> <p>Педагог тақтаға ойыншықтың суреті бар плакат іледі. Ойыншықтарға қарайды, сол және оң жақтағы суреттерді салыстырады. Қайсысы көп, қайсысы аз? Қалай бірдей жасауға болады? Балалар салыстыру және теңестіру әдісін ұсынады. Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі. – Олар тең болуы үшін не істеу керек? – Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет. Артығының бар-жоғын білу үшін ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.</p>	<p>Мақсаты теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру.</p> <p>Күтілетін нәтижелер: менгереди: санайды, заттар тобын салыстырады, сөздерді айтады: «азырақ, көбірек, тең»; түсінеді: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсілін; қолданады: санап, салыстыру білігін</p> <p>«Сонша жина» дидактикалық ойыны</p> <p>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p>	<p>Мақсаты Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>Күтілетін нәтижелер: жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді.</p> <p>түсінеді: оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.</p> <p>қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі.</p> <p>Үйде, адамның қасында қандай жануарлар тіршілік ете алатынын еске түсіреді (мысық, ит, тасбақа, кірпі, қоян, тотықұс, теңіз шошқасы, атжалман). Балаларға кез келген үйде асырайтын жануарды жарнамалап, әңгіме құрастыруды ұсынады. Балалар үйде асырайтын жануарлардың өзіне тән ерекшеліктерін, қылықтары мен жейтін тамақтарын мысалға келтіре отырып әңгімелейді.</p> <p>«Алмаз» техникасы.</p> <p>Педагог заттар мен тапсырмалар жазылған карточкаларды жайып қояды. Қысқаша жауаптан кейін сурет «алмаздың» тиісті шаршысына орналастырылады. Тапсырмалар:</p> <p>Үйде асырайтын 1 жануарды таңдап ал.</p> <p>Тасбақаға арналған жемдер бейнеленген 2 суретті тап.</p> <p>Адамның қасында тіршілік ететін 3 үй жануарын таңдап ал.</p> <p>Мысықты сипаттайтын 4 түрлі белгіні ата: жұмсақ, мамық, ерке, ойыншыл.</p> <p>Марғаулар ойнайтын 3 ойыншықтың суретін таңдап ал.</p>
--	--	---	--	--	---

					Балыққа күтім жасаудың 2 тәсілін атап көрсет: тамақтандыру, суын ауыстыру. Үйде асырайтын жануар туралы 1 мультфильмнің атын ата.
--	--	--	--	--	---

Үзіліс: Аз қимылды ойындар «Жалауша»

« Өкпені еріту » жаттығуы
 Тып- тыныш денеңізді бос ұстап отырыңыз .Өзіңізді қаракөлеңкеде театрда отырмын деп есептеңіз Алдыңыздағы шағын сахнаға (ең жек көретін, көргіңіз келмейтін) сіз кешіруге тиісті адамды қойыңыз. Мейлі ол сізді қазір ренжітсін , бұрын ренжітсін ,қазір өмірде бар болсын , әлде өмірден өтіп кетті ме , оған мән бермеңіз .Көз алдыңызға елестеткенде оның жағдайы жақсы , жүзіне күлкі үйірілген жағдайда болуы керек . Оны бақытты деп біліңіз . Бірнеше минут оның жүзін анық көз алдыңызда ұстап тұрыңыз . Сонан соң барып ол бейнемен қоштасыңыз . Сіз кешірген адам кетісімен сіз өзіңізді сахнаға қойыңыз. Өзіңізді де тек жақсы жағдайда елестетіңіз . Бақытты , күлкі үйірілген жүзбен тұрыңыз . Бұл әлемдегі жақсылық барлығыңызға да тең жететінін ұғыңыз .



Ойын: «Жалауша»
Ойынның мақсаты: жарысып тез жүгіруге, қарсыласынан бұрын жалаушаны алуға жаттықтыру.
Керекті құралдар: ысқырық, жалауша, бор, таяқша.
Мазмұны.
 Сыныптағы балалар санау арқылы екі командаға бөлінеді. Олар ойын алаңының екі шетінде қарама-қарсы сап түзеп тұрады. Ойыншылардың дәл ортасынан диаметрі 1 метрлік шеңбер сызылады. Шеңбердің ортасына жалауша тігіледі. Жалаушаның қасында қолына ысқырық ұстаған ойын жүргізуші тұрады.
 Ойынның басталуына белгі берілгеннен кейін әр командадағы бірінші тұрған ойыншылар тез жүгіріп келіп, жалаушаны алдымен алуға тырысады. Егер ала алса, ол ойыншы команда есебіне ыр ұпай қосады. Ал шеңберге екі бала да қатар келсе, олар өте сақ болулары керек, өйткені қай ойыншыға қарсыласының қолы бұрын тисе, оның жалаушаны алуға қақысы жоқ.
 Ойын осылай бірнеше рет жүріп, жеңіске жеткен команда анықталады.
 Ойынның ережесі.
 1. Ойыншылар тұрған қатарларынан бір мезетте шығуын мұқият қадағалау қажет.
 2. Шеңбердің сызығын басуға болмайды.
 3. Шеңбер ішінен алған жалаушаны ойын жүргізушіге беріп, ойыншылар қайтадан тұрған орындарына жүгіріп кетеді.
 Әдістемелік нұсқаулар.
 Ойын қызықты өту үшін командаларды бір түзудің бойына тұрғызу керек. Ойын жүргізуші етіп сабаққа қатыса алмайтын оқушыларды немесе арнаулы төрешілерді тағайындауға болады.

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	Шығармашылық бейнелеу әрекеті	Қазақ тілі Міндеті - , - Мемлекеттік Елтаңбаны	Сөйлеуді дамыту	Көркем әдебиет	Қазақ тілі
--	--------------------------------------	---	------------------------	-----------------------	-------------------

	<p>Міндеті: - - Балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру -аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән және т.б.) безендіру -жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық кию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру -- Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін</p> <p>-Мақсаты:- балаларға тымақты бейнелеп салуға,мүсіндеуге,жапсыруға, құрастыруға үйрету Топтық жұмыс</p>	<p>сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау Мақсаты Мемлекеттік Рәміздердің қазақша атын үйрету, сөйлеу мәдениетін жетілдіру. «Мнемо кестесі» бойынша Мемлекеттік Елтаңбаны сипатта, сөйлем құра. – Елтаңбада шаңырақ бейнеленген. – Елтаңбада тұлпар бейнеленген. – Елтаңбада жұлдыз бейнеленген. 2.Тақпақ жатта. Мемлекеттік Елтаңба Елтаңбамыз – ел беті, Төрге ілінер көрнекі. Анам таққан шолпыдай Дөп-дөңгелек, өрнекті.</p>	<p>Міндеті: –Өңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға баулу Мақсаты Қыс мезгілінің ерекшеліктерін түсіндіру. Мақал-мәтелдер 1. Қысына қарай – көктемі, Диканына қарай – егіні. 2.Қар жауды деп қуанба, Артынан келер аязы. 3.Қыс қамыңды жаз ойла. Дидактикалық ойын: «Дауыссыз дыбыстарды анықта». Ойын шарты: «Қаңтар» өлеңіндегі «мұздай», «ызғарлы», «қарлы», «түндер», «ұзарды», «қысқарды» сөздерінің ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу. Мысалы: «мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс. Тапсырма ауызша орындалады</p>	<p>Міндеті: - Белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру - Мақсаты . театрландырылған ойындарға оң көзқарасын қалыптастыру. Күгілетін нәтижелер: Жасайды: сахналық қойылымға қатысады; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: сұрақтарға жауап береді</p> <p>Педагог балаларға жұмбақ жасырады. – Өмірдегі ең жақын, аяулы жан кім? – Ана сөзін естігенде, ойларыңа не келеді? – Аналарың сендерді қандай сөздермен еркелетеді? Ана – ең аяулы жан. Анамызды сыйлап, ренжітпей жүруіміз керек. Анамыз ауырып қалса, дәрі-дәрмек беріп, күтіп, көмектескеніміз жөн. Бүгін біз ана туралы «Үш қыз» атты татар халық ертегісімен танысамыз. Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Ертегінің әңгімеден айырмашылығы – ойдан, қиялдан шығарады. Ертегіні оқып, мазмұнын ашу</p>	<p>Міндеті: , Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білу Мақсаты Астана қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету. Астана қандай қала? – Астана– астана. Қуыршақ Сәуле: Мен сендерге Астананың көрікті орындарын көрсете аламын. Интербелсенді тақтада көрсету. Астана – біздің астана. Мынау – Астана қаласы. Мынау – көше. Астанада көшелер көп. – Көше таза. Көшелер таза. – Мынау – үй. Үй – үйлер. – Биік үй. Биік үйлер. – Әдемі үйлер. – Мынау – Бәйтерек. (Түсінік беріледі). Бәйтерек әдемі. Мынау – ескерткіш. Мынау – үш би ескерткіші. Астана – жана қала. Астана қандай қала екен? (Балалар «әдемі», «таза», жаңа сөздерін қолданып, жауап береді).</p>
<p>Үзіліс: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны .</p>					

<p>Тіл гимнастикасы «Р»-ға тілің келе ме?</p> <p>Қаламқасқа «тұр», - деші, Қарындашқа «жүр», - деші. «Қара қарындашты Қаламқас алып тұр», - деші, Ал енді өзің-ақ «Р-р-р-р», - деші.</p>	<p>Ойын: «Торғайлар мен тор» қимылды ойыны Мақсаты: Топпен қарым-қатынасты нығайту, тез қимылдау. Ойынның шарты:Балалар екі топқа бөлінеді. Бір топ аланның ортасында қол ұстасып шеңбер құрып айналып жүреді. Сол топ тор болып саналады. Екінші топ- торғайлар. Тәрбиеші торды ашындар дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын көтереді.(Қол ұстасып айналып жүреді) Торғайлар шеңбердің ішіне кіреді, тез қайта шығуға тырысады. Тәрбиеші «торды жабындар» дегенде 1-ші топтың ойыншылары қолдарын түсіреді. Тордың ішінде қалып қойған балалар шеңберге қосылады. Сөйтіп 1-3 торғай қалғанша ойнайды.</p>				
<p>4 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>					
	<p>Музыка Міндеті: - Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу Мақсаты Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах)</p>	<p>Музыка Міндеті: Әуенге ілесе отырып ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру Мақсаты Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету</p> <p>Музыка тыңдау: «Бесік жыры» (Ш. Мұхамеджанов) Ән айту: «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) «Айнала ақша қар» (И. Мамақов) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Қоян», «Аю» (Е. Тиличеева) Билер: «Полька» хорват х.э. (өндеген В. Герчик) Ойындар, хороводтар: «Көлеңке» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Құлыншак» (С. Урбах)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); Мақсаты: . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. II.«Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы бойынша бір орындарында қатып қалады.</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту Мақсаты - . Сапта тұрып бір-екі санаққа санауға және сапта тұрып түзелуге үйрету. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру.</p> <p>«Ержүректілікке жаттықтыру» «Бұлтқа қол жеткізу» Гимнастикалық кабырғада қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп өрмелеуге жаттықтыруды жалғастыру. Тапсырмаларды бұлжытпай орындап, өздерін ержүрек екендіктерін көрсетуге тырысады.</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату</p> <p>Мақсаты : Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында бір қолмен соғуға дағдыландыру</p>

			Заттардың жанында екі тізбекке тұрады. Топтарға ат қояды. Поролон текшелерден секіріп, құрсауды айналып өтіп, таяқшаны келесі балаға алып келіп, өзі тізбектің соңына тұрады. Келесі жолы топ болып секіріп барып, қайтарда жүгіріп қайтып келеді. Екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады. Саптан шықпай, бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады		
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Серуен-Бақылау №1 Бақылау: Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру. қамқорлықпен қарауға үйрету. Еңбек: Құстарға жем шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Қыс келгенде торғайым Үй алдына қон дәйім. Ойна, жүгір желкілде, Тисем саған оңбаймын. Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, тіл мәдениетін жетілдіру. Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезім</p>	<p>Серуен-Бақылау №2 Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту. Тақпақ: Аппақ көше, бар дала, Аппақ ой мен қыраттар. Ақ шатырлы қар қала, Ақ жамылып тұр бақтар. Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю. Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру. Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p>	<p>Серуен-Бақылау №3 Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету. Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Е. Өтетілеуов «Күшік». Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру. Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету. Е. Өтетілеуов. «Күшік». Үреді үйшікте Аулада күшіктер Біреуі оның қап-қара, Біреуі сары ала Біреуі қардай ақ, Біреуі сұр жолақ Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ: Үреді абалап Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p>	<p>Серуен-Бақылау №4 Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жібе руі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қим. ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p>	<p>Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы». Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн) Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарында дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру. Қимылды ойын: «Айгөлек».</p>

	талдық қабілеттерін дамыту.	Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау». Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.	Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».	Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшандыққа, ептілікке баулу.
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамытудан Нұрислам Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші. сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді.	Музыкалық -ырғақтық жаттығулар. Ансарға музыкалық сүйемелдеуге сәйкес түрлі қарқынды таныс дене жаттығуларын орындату.	Алихан Мақсаты: тілдің грамматикалық құрылымы бойынша қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету	Дидактикалық ойын жаттығуы: «Дұрыс, бұрыс» Мақсаты: Тәрбиеші. сөйлемдер айтады. Балалар дұрыс болса «дұрыс» деп, дұрыс емес болса «дұрыс емес» деп жауап береді
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	«Үй жануарлары» Мақсаты: тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастырады.	«Сұрақ – жауап» Мақсаты: қойылған сұрақтарға нақтылы жауап бере алады. Өз ойын ашық айта алады.	«Секіргіштер» Мақсаты: жеңіл секіру дағдыларын жетілдіру	«Ғажайып қобдиша» Мақсаты: Ойын барысында балалар зерек болу керектігін ұғады. Суреттерден артық суретті табады.. Бір-бірін тыңдай алады.	«Таспаны кім тез орайды?» Мақсаты: қол қимылдарын шапшандықпен жасай алады.

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--	--

Тексердім

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Жайсаң ЖОББМ

Мектепалды сынып О «А» сыныбы

Балалардың жасы 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 19–23 ақпан 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес , әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме:Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретінінзді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Үстел үсті театры: «Өсімдіктер» және т.б. тақырыптар бойынша сюжетті картиналар қарастыру. Мақсаты:қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету.	Әңгіме құрастыру «Өзін жақсы көретін гүлдерін туралы әңгімелеп бер.» Мақсаты: баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Ойын– жаттығу: «Топтағы өсімдіктерге күтім жасау»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалдарымен ойындар.	Ойын: «Гүлдерді тауып, оларды атап бер» Топтағы өсімдік бұрышы туралы әңгімелесу	«Менің тобымдағы өсімдіктер» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)	Шаттық шеңбері: Асапан ашық,көгілдір, Күн шуағын төгіп тұр! Қол ұстасқан біздерді, Тереземнен көріп тұр	Шаттық шеңбері: «Ақ тілек» Адал жақсы ниетпен Бар адамға бақ тілеп. Жарып шыққан жүректен, Сөздің бәрі – Ақ тілек!	Шаттық шеңбері: «Сикырлы таяқша» Мен бәріңе Қуаныш тілеймін! Мен бәріңе Мейірім тілеймін! Мен бәріңе шуақты күн тілеймін! Мен бәріңе көңілді ойын тілеймін! Мен бәріңе Денсаулық тілеймін!	Шаттық шеңбері: «Қыс» Боран соғар оң жақтан, Боран соғар сол жақтан. Қар лақтырып ойнасақ, Суық өгер қолғаптан.	Шаттық шеңбері: «Шана» Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт, сарт, сарт Алақанды соғамыз. Тоңса біздің аяғымыз Етік киіп аламыз. Топ, топ, топ Топылдатып билейміз. Тоңса біздің денеміз Тоңды киіп аламыз Зу, зу, зу Шанаменен зулаймыз

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ	1 - ұйымдастырылған іс-әрекет				
	<p>Көркем әдебиет Міндеті - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Мақсаты: Ертегіні баяндауда эпитет, теңеу сөзді қолдануға үйрету Мақалдың мағынасын түсініп ал. Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады. Музыкалық театр аяқталған</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>Дыбыстармен жаттығулар. «Кім білгіш?» дидактикалық ойыны Мысалы: б, л, р, ө, т, и, м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д, ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н. Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. - Дауысты дыбыстарға қызыл текшені; - дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады. «Жұп құр» ойын-жаттығуы Педагог тақтаға шеңбер бойымен бір дыбыстан басталатын екі суреттен тақтаға іліп шығады, балаларға екі бірдей дыбыстан басталатын суреттерді қосуға тапсырма беріледі. Педагог тапсырманы орындау үшін, балаларды кезекпен тақтаға шығарады. Мысалы: алма-алмұрт, қызанақ-қызылша, етік-емізек, тақия-тарак, от-орындық, керует-күрек, сағат-сағыз, қоян-қоңыз, ит-ине</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты сөзді буынға бөле алу дағдыларын бекіту</p> <p>Күтілетін нәтиже: Жасайды: сөздегі дыбыс санын анықтайды, сөздерді буынға бөледі. Түсінеді: сөздерді қалай буынға бөлуді. Қолданады: дыбыстарды ажыратады</p> <p>«Буынды айтып сөз құра» дидактикалық ойыны Ойын шарты: педагог айтқан буынға балалар сөз құрап айтады. Мысалы: На... , та... , қа..., жа..., ал..., мон..., ке..., те..., шал...,қар..., қа..., пи..., бә... т.б. Дәптермен жұмыс 1. Суретте бейнеленген заттарды ата. Сөзде қанша дыбыс болса, сонша дөңгелек сал. 2. Сөздерді буынға бөл. Бір буынды сөзді бір терезелі, екі буынды сөзді екі терезелі, үш буынды сөзді үш терезелі үймен сәйкестендір.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу Мақсаты Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу</p> <p>Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Үзік сызықтарды бастыр. 5. Бастыр. Педагог графикалық жұмысты бастамас бұрын үстелде отыру ережесін естеріне түсіріп қайталайды. Дұрыс отырмаудың денсаулыққа, адам сымбатына зиян екенін айтып өтеді.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу Мақсаты Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру</p> <p>–Суда жүзетін қандай көлік түрлерін білесіңдер? –Кемеде матростар жұмыс істейді, оларды капитан басқарады. –Кемелер жүзу үшін не керек? Педагог ыдысқа су құйып, қағаз кемеңі суға жібереді. –Кеме не үшін керек? Кеме тез жүзу үшін үрлеп толқын жасайық. Енді кемеге ат қояйық. Өзімізді кемеде отырмыз деп елестетейік те, Ермек Өтетілеуұлы ағамыздың «Кеме» өлеңімен танысамыз. Өлеңді мәнерлеп оқып береді.</p> <p>Міне, Кеме, Мінем, Мен де. Сапарға алыс шығамын, Теңіз сырын ұғамын. Жолсеріктей, жан достардай бізден қалмай, Шағалалар шаршамастан шарқ ұрады: Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай. Кемемізді жағалаулар шақырады</p>

	соң көрермендерге бас неді. Көрермендер қол шапалақтайды				
--	--	--	--	--	--

Үзіліс:»

<p>Қимылды ойын: « Күн мен түн » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар бірі « Күн», екіншісі « Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші « Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.</p>	<p>Қимылды ойын:« Көгі-гөк » Мақсаты: Шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Ойын мазмұны: Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап: Гөк, гөк, көгі көк, Гөк, гөк, көгі гөк. Гөк, гөк, көгі гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді. Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады. Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді. « Кемпір» Әлгің қайда? Қалды сайда!-деп сұрайды. Балалар бәрі бірдей. Әлгің қайда? - Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.</p>	<p>Қимылды ойын: « Аққу-қаздар » Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойын мазмұны: Алаңның бір шетіне қаздар тұратын үй белгіленеді, қарсы шетіне бақташы тұрады. Үйдің бір жақ бүйірінде қасқыр тұратын үңгір болады. Алаңның қалған жері жайылым болады. Бақташы қаздарды жайылымға қуып шығады, олар жайылып жүреді. Бақташы: Қаздар, қаздар, қаңқылдап, Барасындар қай жаққа. Қаздар: Айна көлі жалтылдап, Жатқан жасыл аймаққа. Бақташы: Біздің жерге түсе кет, Түсіп сусын іше кет. Қаздар: Сіздің жерге түсеміз Түсіп сусын ішеміз. Бақташы: Болсын онда жол жайлы! Қаздар: Бізге ол жаққа болмайды, Жолды тосып тұр сұр қасқыр. Бақташы: Олай болса, қалаған, Жақтарыңа бар аман. Қаздар қанаттарын жайып, жайылым арқылы үйлеріне ұшады, ал қасқыр үңгіршек жүгіріп шығып, оларды ұстауға тырысады. Ұсталған қаздар қасқырдың үңгіріне қарай жүреді. Бірнеше рет жүгірістен кейін қасқырдың ұстаған қаздарфын санайды. Ойын 3-4 рет қайталанады.</p>
--	---	---

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау - Мақсаты Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. ә) Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту. Күтілетін нәтижелер: жасайды: үйде асырайтын жануарлардың аттарын атап береді. түсінеді: оларға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді. қолданады: табиғаттың бір бұрышын мекендейтін жануарларға күтім жасау жолдарын біледі</p> <p>Үйде адаммен бірге тағы қандай жануарлар өмір сүреді? Белгіле. Көмекші суреттердің көмегімен өзіңнің үйіңдегі итің немесе мысығың (тотықұс, тасбақа, атжалман) туралы әңгіме құрайды. Оның суретін жапсыр. Ол туралы қызықты бір оқиғаны айтып бер. «Жануарға ат қой»</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты: заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды;</p> <p>Педагог балаларға шаршылар, дөңгелектер, сопақшалар, тіктөртбұрыштар таратады. Одан кейін тақтаға геометриялық пішіндердің бөлшектерінен құрастырылған жапсырманы іледі. Жапсырманы талдайды. – Сендер жапсырмадан не көріп тұрсыңдар? Саңырауқұлақтың қалпағы жасалған пішінді қалай атауға болады? Дөңгелек бөліктерге бөлінген. Мына бөлік – жартысы. Пішіндерді ортасынан бөлуді үйренеміз. Ол үшін дөңгелектің жиектерін сәйкестендіріп мұқият бүктейміз. (Үлкен көрнекі құралда көрсетеді). Практикалық жұмыс жүргізеді Педагог балаларға қызыл және жасыл шеңберлерді көрсетеді. - Фигуралар қалай аталады? (дөңгелек) Қызыл дөңгелекті алып, екіге бүктейді, оны қиып бір-біріне беттестіреді, бөліктер бірбірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді. Дөңгелектер қандай бөліктерге</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Мақсаты заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді заттарды бірнеше тең бөлікке бөледі, «бүтін», «бөлік» сөздерін айтуды; түсінеді: затты (пішінді) оны бөліктерінен қалай құрастыруға болатынын; қолданады: бөліктерден пішін құрастыруды; «Дөңгелекті құрастыр» ойынын өткізеді. Балалар дөңгелек жасау үшін, бөліктерді қосады. Бөліктерден бүтін фигура жасайды. Қорытынды, фигураны бөліктерге бөлуге және бөліктерден жинауға болады. – Шаршының жартысын жасауға тырысыңыз. – Оны қалай жасауға болады? (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны екіге бүктейміз). Сосын 4 бөлікке. (жиектерін сәйкестендіріп шаршыны төртке бүктейміз) Қорытынды жасайды, тең бөліктер бір-бірінің үстіне қойылған кезде сәйкес келеді және олардың атауы бар (жарты, ширек). –Біз шаршының жартысын</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде бағдарлауды Шағын топпен жұмыс. Санамақ арқылы балалар екі топқа бөлінеді. Педагог әрбір топқа екі түсті балықтарды (немесе дөңгелектер, сопақшалар немесе басқа да кесетін материалдар) таратады. Тапсырманы орындауды ұсынады. Алдымен қызыл түсті балық сатып аламыз. Олардың 4-уін аламыз (карточканы көрсетеді). – Ал енді көк түсті (2 саны жазылған карточканы көрсетеді). – Аквариумда неше балық бар? Сандар жазылған карточкаларды шығарады: $4 + 2 = 6$ Дәптермен жұмыс 1-тапсырма. Суретті</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: - Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу Мақсаты Жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру. Күтілетін нәтиже: <ul style="list-style-type: none"> • жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері білуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • көшеде тәртіп сақтау керектігін түсінеді; • қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын қолданады <p>Жұмбақ жасыру. Өзі сөйлей білмейді, Бірақ «Токта, жүр!» – дейді. – Бағдаршам «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек. Демонстрациялық материалдармен жұмыс. – Қандай жол белгілерін білесіңдер? Балалар білгендерінше айтады, тәрбиеші толықтырады. Олар: автокөлікке арналған жол белгісі, жаяу өтпе жол белгісі,</p> </p>
--	---	---	---	---	---

	<p>ойынын ойнауға шақырады. Қиялдайды, үйде асырайтын жануарларға жаңа аттар ойлап табады.</p>	<p>бөлінді? (тең) - Неше бөлік шықты? (екі) -Бұл бөліктер "дөңгелектің жартысы" деп аталады. Уақыт беріп, дөңгелекті екі бөлікке қиюға көмектеседі. Педагог жасыл дөңгелекті алады. Екі рет бүктеп, тең төрт бөлікке қиып, бір-біріне беттестіріп сәйкес келетінін көрсетеді. - Дөңгелек қандай бөліктерге бөлінді? (тең) - Дөңгелектің неше бөлігі пайда болды? (төрт) – Бұл бөліктер «төрттен бір бөлік» деп аталады. Уақыт беріп, шеңбердің төрттен бір бөлігін қиюға көмектеседі. Сонымен қатар педагог қосымша қоңыр жолақты алады. – Қазір бұл жолақ бүтін болып тұр. Педагог жолақты 3 тең бөлікке бөліп бүктейді. Бөліктер бойынша қиып, бір-бірінің үстіне қояды, бұл бөліктердің сәйкес келетінін көрсетеді. - Жолақты қандай бөліктерге бөлдім? (тең) - Қанша бөлік шықты? (үш) –Бұл бөліктердің әрқайсысын "үштен бір бөлік" деп атайды. Балалар «үштен бір бөлік» деп қайталайды. Балалар хормен бөліктердің атауын қайталайды (жартысы, төрттен бір бөлік, үштен бір бөлік)</p>	<p>кескенде, қандай фигуралар шықты? (Екі кішкентай тіктөртбұрыш). – Ал шаршының төрттен бірі? (Ол да шаршылар, бірақ кішкентай). – Жартылар тең бе екенін тексерейік. Оларды бір-бірінің үстіне қойыңыз. Фигуралар сәйкес пе? Рас, бұл біздің фигурамыздың тең бөліктері. Жарты және төрттен бір фигурадан бүтін фигураны жасайды. Фигураны тең емес бөліктерге кесуге болады. Педагог қарапайым геометриялық конструкторды таратады (суретті 5-6 бөлікке кесуге болады) және фигураны (суретті) бүктеуді сұрайды. Тіктөртбұрышты бөліктерге кесуге болады және т. б.</p>	<p>қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? - Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.</p>	<p>жерасты жаяу жүргіншілер жол белгісі, велосипедпен жүруге тыйым салу белгісі, жаяу жүргіншілер қозғалысына тыйым салу белгілері, дыбыстық тыйым салу белгісі. – Жол белгілерінің айырмашылықтарын атаңдар. – Тыйым салу белгілері қызыл түспен қоршалған, көрсеткіш белгілер көк түспен белгіленген. – Мына суретте не көріп тұрсыңдар? – Балалар жол жиегінде доп ойнап жүр). – Жолда доп ойнау неге қауіпті? – Доп жолға домалап кетеді, оны аламын деп , бала мәшине дөңгелегі астына түсуі мүмкін</p>
--	---	---	--	--	--

Үзіліс:

<p>Қимылды ойын: « Шарлармен алмасу » Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Ойын мазмұны: Балалар орындықтарда дөңгеленіп отырады. Тәрбиеші қатар отырған екі балаға бір-бірден шар береді де ары қарай басқаларға ауыстырады (біреуі оңға, біреуі солға ұсынады). Шарлар бір-бірімен екі жақтан кездескенде балалар « Соқтығысты» деген сөзбен оларды соқтықтырады. Одан кейін балалар орындарынан тұрып, дөңгелекті айналып, қарсы жаққа барады, қалғандары орындықтарынан тұрып: « Жүгірдік, жүгірдік...» деп дауыстайды. Балалар өз орындықтарына жүгіріп келіп: « Ол шарды басқа балаларға береді де ойын қайталананды. Бұл ойынды даладағы сазды алаңда өткізуге болады, онда балалар көк шөптің үстінде отырады</p>	<p>Қимылды ойын: « Кішкене өзен арқылы » Мақсаты: Балаларды қырағылыққа, байқампаздыққа үйрету,бірлікке,татулыққа тәрбиелеу Ойының шарты: Ойынға бір топ (6-8 адамнан) бала тартылады. Алаңда бір-бірінен 1,5-2м қашықтықта екі сызық сызылады. Бұл өзен. Ойнаушылар сызықтың жанында-өзеннің жағасында тұрады. Олар өзеннен анық сызылған дөңгелектер арқылы аяғын суламай, тастан-тасқа секіріп өтуі керек. Дөңгелектердің арасының қашықтығы балалардың оларға бірінен-біріне секіре алатындай болуы керек. Өзеннен қатарынан 2-3 бала өтеді, ал қалғандары тәрбиешімен бірге оларды бақылап тұрады. Секіре алмай, аяғын сулап алғандары оны күнге кептіруге кетеді-орындыққа отырады. Кейін олар</p>
---	---

		ойынға қайтып араласады, тәрбиеші оларды қалай болса да мақтап, жағаның екінші жағына өтуге көмектеседі.			
3 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті</p> <p>Міндеті: --</p> <p>Қаршағыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету.</p> <p>-- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру</p> <p>- Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақта</p> <p>- Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану</p> <p>Мақсаты қысқы табиғатты салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру</p> <p>Топтық жұмыс</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Міндеті - Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау,</p> <p>Мақсаты Нұр-Сұлтан қаласы туралы сөйлем құрап айтуға үйрету.</p> <p>Дыбыстық жаттығу (айнамен орындалады).</p> <p>Ә-ә-ә-ә – бә-ә-ә й-те-рек – бәйтерек.</p> <p>І -і-і, іс, ін, іні, іш-кіш – мынау – ескерткіш.</p> <p>Ойын: «Жалғастыр». Сөздерді, сөйлемдерді бекітіп, қайталау.</p> <p>Қа... (қала)</p> <p>Кө... (көше)</p> <p>Та... (таза)</p> <p>Нұр-Сұлтан – жаңа... (Нұр-Сұлтан – жаңа қала.)</p> <p>Нұр-Сұлтан – ... (Нұр-Сұлтан – таза қала. Нұр-Сұлтан – әдемі қала.)</p>	<p>Сөйлеуді дамыту</p> <p>Міндеті: Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу</p> <p>Мақсаты Өлең арқылы көлік түрлерінің маңызын түсіндір</p> <p>Педагог өлең мазмұнын сұрақ қою арқылы сұрайды.</p> <p>–Өлең не туралы?</p> <p>–Кемеге жол серік – деп нелерді айтып отыр?</p> <p>–Алыс шалғайда не көрінеді?</p> <p>–Енді осы өленді суретке қарап отырып, қайталап жаттап алыңдар.</p> <p>–Балалар, бүгінгі оқу қызметінде нелер жайлы айтылды? Педагог екі тілде аудармаларды айтып өтеді.</p> <p>Сөздік жұмыс.</p> <p>Бұл жердегі «Сағымданған, бұлдыраған түзде шалғай» деген өлең жолдары «өте алыста, көз ұшында» деген мағынада</p> <p>Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу.</p> <p>Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.</p>	<p>Көркем әдебиет</p> <p>Міндеті: - Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік табығуға ынталандыру</p> <p>Мақсаты . ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру</p> <p>Алдаркөсенің басынан кешкен бір оқиғасы туралы қызықты ертегімен танысамыз.</p> <p>Алдаркөсе қулығымен, айласымен адамдарға жақсылық жасап, көмектесіп отырған.</p> <p>Ол әрдайым ән айтып, көңілді жүреді.</p> <p>Ертегі – әдеби жанрдың бір түрі екенін еске түсіру. Ертегіде шындық пен қиял-ғажайып оқиға аралас келіп отырады.</p> <p>Қиялдан туындайды.</p> <p>Педагог «Шықбермес Шығайбай» ертегісін оқып береді</p> <p>Ертегі мазмұны бойынша сұрақтар:</p> <p>– Ертегі ұнады ма?</p> <p>– Ертегі қалай аталады?</p> <p>– Шықбермес Шығайбай қандай адам?</p> <p>– Алдаркөсе Шығайбайды алдау үшін қандай қулық ойлап тапты?</p> <p>– Алдаркөсе жабықтан сығалағанда не көрді?</p> <p>– Алдаркөсе үйге кіргенде, үйдегілер қандай әрекет жасады?</p> <p>– Шығайбай Алдаркөседен не туралы сұрады?</p>	<p>Қазақ тілі</p> <p>Міндеті: -,-Алған білімдерін тиянақтау</p> <p>Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>I айналым: Педагогтің мақалын жалғастырады.</p> <p>Отан – оттан да ... (ыстық)</p> <p>Жақсы – ... (өнеге)</p> <p>Отан ... т.б</p> <p>II айналым: педагог жұмбақ жасырады.</p> <p>Өскен жері бау-бақша, Күрең қызыл шіркін-ай, Жидектің аты – ... (кұлпынай)</p> <p>Астық пісіп, орақ түсіп, Қырман дөнге толады. Бөбектерім, айтыңдаршы, Бұл қай кезде болады? (Күзде).</p>

				– Алдаркөсе не деп жауап берді?	
Үзіліс: . Секіруге арналған қозғалмалы ойын: «Сызықтан секіру»					
<p>Тіл дамытуға арналған жаттығулардың мақсаты: Балалардың дыбысты дұрыс айтуын түзету, тілін дамыту 1. Т: Күй сандықты ашайық Б до- до- до Т: тілдерін біз бастайық Б: ре - ре - ре Т: бас дыбысты бастайық Б: ми - ми - ми Г Жайлап әнге салайық Б: до - до - до 2. Шалқып шығар сонда күй Б: фа - фа - фа Т: Бәрі до - дан басталар Б: до- до -до Т: До -ны қоштар басқалар Б: До, ре, ми, фа, соль,ля , си, до</p> 				<p>Секіруге арналған ойын: «Сызықтан секіру» Ойынның мақсаты: Қос аяқтап секіру тәсілдерін үйрету. Мазмұны: Ойын алаңының бір шетінен түзу сызық сызылады. Сыныптағы оқушылар санау арқылы төрт командаға бөлініп, олардың біріншілері сол сызықтың үстінде тұрады. Осы сызықтан 4-5 қашықтықта бір-бірінен ара қашықтығы 40-50 см болатындай өзара параллель 8-10 сызық жүргізіледі. Мұғалімнің белгісі бойынша әр команданың бірінші тұрған ойыншысы бірінші сызыққа дейін жүгіріп келіп , аяқтарын біріктіріп ұстап, параллель сызықтардан қос аяқтап секіріп өтеді де, қайтып келіп, тізбектің артына барып тұрады. Мұғалім секіріп өткен балалардың секіру әдістерін бағалап, басқа ойыншыларды көмекке шақырады. Бұдан соң келесі қатардағы төрт ойыншы секіріп өтеді. Ойын осылай барлық ойыншылар секіріп өткенше жалғаса береді. Ойынның соңында әр қатардағы қос аяқтап жақсы секіретін балалардың аты аталады. Ойынды бірнеше рет қайталап ойнатуға болады. Ойынның ережесі 1. Ойыншылардың тез секіргені емес, дұрыс секіргені бағаланады. 2. Секіру кезінде балалар арасындағы ара қашықтықтар сақталуы керек. 3. Оқулықта көрсетілген секіру техникасы орындалуға тиіс. Әдістемелік нұсқаулар. Ойынды 1-2 рет өткізгеннен кейін, сыныптағы қос аяқтап секіру техникасын жақсы меңгерген екі-үш баланың секіргенін басқа ойыншыларға көрсетіп , басқа ойыншылардан солар сияқты секіруді талап ету керек. Ойынның педагогикалық маңызы. Секіру жаттығулары бала аяқтарының бұлшық еттерінің , қарын, арқа, бұлшық еттерінің жетілуіне ықпалын тигізеді. Қимыл-қозғалыс әдістерін көбейтіп, қимыл сапаларының үйлесімі артады. Бала өз күшіне сенуге үйренеді.</p>	
4 - ұйымдастырылған іс-әрекет					
	<p>Музыка Міндеті: Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту Мақсаты Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.</p> <p>) Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз»</p>	<p>Музыка Міндеті: Музыкалық ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру . Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров) Ән айту: «Екеуміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен)</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау Мақсаты: Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу Мақсаты - Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу, кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және</p>	<p>Дене шынықтыру Міндеті: - Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру Мақсаты Сапты бұзбай бірінші-екінші деп саналуға үйрету. Бір қолмен допты еденге соғуды үйретуді жалғастыру, допты алақанды ашып қағып алу,</p>

	(И. Нүсіпбаев) «Бесік жыры» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиров) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз»	Билер: «Тырналар биі» (Д. Абиров) Ойындар, хороводтар: «Төлдер» (Д. Ботбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников)	еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру . «Түрлі түсті ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары түрлі түсті доптарды жақсы көреді. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып қайта саусақтың басымен қарсы алып, қайтарып, аяқтың жанына қарай еденге соғу. Себеттен түрлі доптарды алып, қалауынша тұра қалады. Допты еденге бір қолмен соғып, алақан жайып, саусақтың басымен қарсы алып, қайта қайтарып аяқтың жанына қарай еденге соғуға тырысады. Допты соққанда күш мөлшерін есептеп, дұрыс пайдалануға тырысады. Педагогтің белгісімен келесі ғаламшарға ұшады – (көзді жұмып) қараңғыда залмен қозғалысын жалғастырады	аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру . «Жорғалаушылар ғаламшары» – бұл ғаламшардың тұрғындары тек еңбектеп, жорғалап қозғалады. Модульдерден аттап шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп жүруге жаттығу. Шынтақтап, тізерлеп, еңбектеп залдың келесі жағына модульдерден асып өтеді. Қолдары мен аяқтарының жұмысын үйлестіруге, бағытын сақтап қозғалуға, басқа балаларға соғылмауға тырысады	кеудеден саусақтардың басымен итеріп лақтыру және аяқтың қасында еденге қырындап бір қолмен соғуға дағдыландыру «Сиқырлы ғаламшар» – бұл ғаламшардың тұрғындары алыптардан қортықтарға айнала алады. «Алыптар мен қортықтар» қимыл-қозғалыс ойыны. Залға шашырап бытырыңқы жүрісті орындайды. Әртүрлі музыка әуенімен сәйкес қимылдар жасайды: шапшаң әуенге үлкен адымдап, қолын жоғары көтеріп жүреді. Баяу әуенге кішкентай қадамдар жасап, қолдарын беліне қойып жүреді.
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	Серуен-Бақылау №5 Бақылау: Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құстар жайлы білімдерін толықтыру;	Серуен-Бақылау №6 Бақылау: Қардың түсуін бақылау Мақсаты: - <i>Қардың қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру;</i> <i>Қардың түсуі туралы білімдерін молайту;</i>	Серуен-Бақылау №7 Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты : — ағаштар туралы білімдерін молайту;	Серуен-Бақылау №8 Бақылау: Аула тазалаушы еңбегін бақылау Мақсаты:	Серуен-Бақылау №9 Бақылау: Ауладағы ағаштарды бақылау Мақсаты: Ағаштар туралы білімдерін бекіту;

	<p>Қыс мезгіліндегі құстардың мінез-құлықтарындағы өзгешеліктер туралы түсініктерін қалыптастыру; — құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз</i> Торғайларды қорға. Ө. Ақыпбекұлы Шыр-шыр еткен торғайды Қорғамасаң болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды. Таспен атып торғайды, Ұя бұзған оңбайды. Құс өкпелеп кетеді, Бақшамызға қонбайды. Тәрбиеші балармен әңгімелесу өткізеді. Біздерде жылы жаққа ұшпай қалған құстарды қалай атаймыз?(қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен ұшып кететін құстардың қандай айырмашылығы бар? (<i>қыстап қалатын құстардың мамықтары қалың және тұмсықтары мықты борлады.</i>) Қыстап қалатын қандай құстарды білесіңдер? (<i>торғай, қарға, тоқылдақ, сауысқан, кептер</i>) Торғайлар қыста немен қоректенеді? (<i>дәндермен, қалдықтармен.</i>) Қыстап қалған құстарды неге тамақтандыру керек? (<i>қыста құстарға азық жетіспейді, ал, егер олар тоқ болса аязға тоңбайды.</i>) Құстарды бақылаған кезде олардың мінез-құлықтарынан нені байқадыңдар?. (<i>өздерінің азықтарын нан ұсақтары мен қалдықтарды, дәндерді тез табады. Тұмсықтарын қанаттарының астына тығып суықтан қорғанады</i>)</p>	<p><i>әдемілікке деген сезімдерін тәрбиелеу.</i> <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Қыс» Т. Молдағалиев</i> <i>Жауа-жауа, қар жауып көп, Шұқырларға толады.</i> <i>Иығыңа қонады кеп, Мойныңа да қонады.</i> <i>Жауып бітер қарды тосып, Үйіңе де сыймайсың,</i> <i>Табиғаттың ақ көрмесін.</i> <i>Басуға да қимайсың.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақ қояды. Ауа-райы қандай болғанда қар жабысқақ болады? Аяқ астында қар неге сықырлайды? Қар неге ұлпа болады? Айналаға қараңдаршы, қандай әсем көрністерді көріп тұрсындар? (айнала аппақ, қар беті тап-таза т.б.) Зерттеу жұмысы Ұшып келе жатқан қарды парақ бетіне қондыру, қардың қасиеттерін анықтау (ұлпа, мамық). Еңбек: өз алаңындағы ағаш түптерін қармен көму. <i>Мақсаты: бір мақсатта, бірлесе жұмыс істеу дағдыларын дамыту</i> Қимылды ойын «Ыстық-суық». <i>Мақсаты: тәрбиешінің белгісі бойынша әрекет етуге үйрету</i> Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту. <i>Мақсаты: Қарды алысқа лақтыруға үйрету.</i> <i>Халық болжамы: Қыс қарлы болса, жаз жаңбырлы болады.</i></p>	<p>— ағаштардың қысқы бейнесін бақылауды жалғастыру <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Қыс» Р. Сәбитұлы</i> <i>Қар жамылды бақтарым Қыратым да, сайым да.</i> <i>Тағыпты қыс ақ қарын, Үкі етіп қайыңға.</i> <i>Бүркеніп ақ желекті, Жарқырайды маңайым.</i> <i>Ойға шомып теректің, Ақ шалыпты самайын.</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Ағаштардың жазғы бейнесі қандай еді?? Күзде қандай болды? Қазіргі бейнесі қандай? Кімнің есінде, ағаштар жапырағын неге түсіреді? Зерттеу жұмысы Алма ағашы мен қайың ағашының қысқы түрқын салыстыру Еңбек Жолды қардан тазалау. <i>Мақсаты: аула қараушыға көмектесу.</i> Қимылды ойын: «Кім аққалаға бұрын жетеді?» <i>Мақсаты: доға астынан еңбектеп өту дағдыларын жетілдіру.</i> Жаттығу ойындары Секіру <i>Мақсаты: орнында тұрып секіру техникасын меңгерулерін жетілдіру</i> <i>Халық болжамы. Ағашты қырау басса аяз болады, тұман түссе күн жылынады.</i></p>	<p>Аула тазалаушының еңбегін бақылауды жалғастыру; Сөздік қорларын байыту; Үлкендер еңбегіне деген сүйіспеншілік және құмет сезіміне тәрбиелеу; Табиғатқа және айнала қоршаған ортаға деген сүйіспеншіліктерін арттыру <i>Бақылау барысы</i> Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: Аула тазалаушы қыста балабақша ауласында не істейді? Жұмыс үшін ол қандай құралдарды пайдаланады? ♦Ағаштарды аяздан қорғау үшін ол не істейді? ♦Аула тазалаушы жұмысы адамдар және табиғат үшін керек пе? Еңбек Қуыршақ үшін қардан құрлыс тұрғызу. <i>Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуге үйрету;</i> —еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын «Екі аяз» <i>Мақсаты: жүкіруге жаттықтыру;</i> Ойын ережесін сақтай білулерін тиянақтау Жаттығу ойындары Шаңғымен жүру.</p>	<p>Салыстыру, сараптау, қортынды жасай білулерін дамыту. <i>Бақылау барысы</i> <i>Көркем сөз «Ағаштар» М. Әлімбаев</i> <i>Қысында да шырайлы, Жасыл шырша ұнайды.</i> <i>Түні бойы жауды қар, Салбырады сәнді тал.</i> <i>Тау баурайы төменде, Өседі жас емендер.</i> <i>Ауыл сәні терек, Терек егу керек.</i> <i>Сырғалы қайың, ақ қайың, Баптайын, күтіп, сақтайын.</i> <i>Басқа ағашпен аралас, Жайқалады қарағаш</i> <i>Көк қарағай, қарағай, Мейірбанды анадай,</i> <i>Көкке бойын созады, Көпке қолын созады.</i> Балаларға сұрақтар: Сендер тыңдаған өлең жолдарында қандай ағаштар туралы айтылған Ағаштар не үшін керек? Ол адамға не береді? Қыста ағаштар бейнесі қандай болады? Қысқы, жазғы түстері бойынша басқа ағаштардан айырмашылығы бар қандай ағаштарды білесіңдер? Шырша мен қарағай туралы неге қысы-жазы бір түсте деп айтады? Ағаштардың бір-бірінен қандай айырмашылықтары болады? Зерттеу жұмысы: Балалар алаңдағы әр ағаштың бұтақтары, діндері және көрністері бойынша салыстырып, айырмашылықтарын анықтап қортынды жасайды. Еңбек Ағаш түптеріне қар үю.</p>
--	---	--	--	---	--

	<p>Торғайлар неге адамдарға жақын маңға қоныстанады? <i>(себебі адамдар жанында азық көп болады)</i> Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп қонғайсың. Жем шашайын тере зойг Сонда суыққа тоңбайсың. Еңбек қызметі Құстар қонақтайтын, жем шашатын жерді қардан тазалау. <i>Мақсаты: еңбекке деген ықыластарын арттыру.</i> Қимылды ойын «Нысанаға тигіз». <i>Мақсаты: қиып бара жатқан заттың бағытын бақылау, қозғалыстың дұрыс орындалуын есептей білу.</i> Жаттығу ойындары Қимылдарын дамыту Қарды алыс нысанаға лақтыру <i>Мақсаты: қозғалыс координациясын дамыту.</i></p>			<p><i>Мақсаты</i> : шаңғымен жүруге жаттықтыру, ептіліктерін, шыдамдылықтарын дамыту.</p>	<p><i>Мақсаты</i>: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.. Қимылды ойын «Аулада қандай ағаштар өседі?». <i>Мақсаты</i>: Ағаштардың аттарын есте сақтауларын тиянақтау; Сөздік қорларын байыту; Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Жаттығу ойындары Қозғалыстарын дамыту: Аңдар биі Мақсаты: әртүрлі аңдар қозғалыстары арқылы ептілікке, жылдамдыққа, тапқырлыққа баулу.</p>
Балалармен жеке жұмыс	<p>Мақсаты: Айзереге сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру, қарандашты дұрыс ұстауға үйрету.</p>	<p>Мақсаты: Мәдімен сөйлеуді дамытудан «Менің балабақшам» өлеңінде «ң» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>	<p>Мақсаты: Сұлтанбеке құрастырудан балабақша ғимаратын берілген үлгі бойынша дұрыс құрастыруды үйрету.</p>	<p>Мақсаты: Сезімге сурет оқу қызметі бойынша түрлі түсті шардың суретін үлгі бойынша салдыру.</p>	<p>Психологтың жұмысы: Мадинамен өзін ортада қалай ұстау жөнінде жұмыс жүргізу.</p>
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	<p>«Ғажайып жұлдызша» ойыны Мақсаты: Балалар бір-бірін сыйлау қажеттігін түсінеді.</p>	<p>:Құрылыс ойыны: «Менің көшем» Мақсаты: Балалардың ой-қиялы дамиды, құрылыс материалдарын қалай пайдалану керектігін меңгереді.</p>	<p>:Дидактикалық ойын: «Қажетті түсті тап» Балалар өздеріне ойын барсында қажетті түсті тауып бере алады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Жиһаз неден жасалған?» Мақсаты: Жиһаз -дың жасалу технологиясымен танысады. Мысалы: Шкаф-ағаштан, орындық-пластмассадан....</p>	<p>:«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: Балалар көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіреді. Достар креслоға отырып еді, оның аяғы сынып қалды – «мұңаю» Не істейміз?»- «таң қалу». Таптық! – «қуаныш». Балға мен шеге алып, орындықты жөндеттік – «қуаныш». Енді ешқандай қиындық жоқ! «Тыныштық»</p>

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сұрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалды жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--	---

Тексердім

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы **Жайсаң ЖОББМ**

Мектепалды сынып **О «А» сыныбы**

Балалардың жасы **5-6 жас**

Жоспардың құрылу кезеңі **1V-апта 26 – 29 ақпан 1 наурыз 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібі	Дүйсенбі 26.02	Сейсенбі 27.02	Сәрсенбі 28.02	Бейсенбі 29.02	Жұма 01.03
Балаларды қабылдау	Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жайлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиешінің толық аты - жөнін атап сәлемдесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту.	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс- әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Д/ойын: «Қарап ал да есіңе сақта» Мақсаты: балаларды көрген суреттерді есі не сақтап, көз алдына елестете отырып, әр қайсысын ретімен атап шығуға, үй жануарларының, аңдардың және құстардың жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: үй жануарлары, аңдардың, құстардың суреттері.	Д/ойын «Ғажайып қоржын» Мақсаты: Балаларды заттарды тиісті қасиеттеріне қарай ажырата білуге үйрету. Ойын шарты: Қоржындағы затты сипап біліп атау. Бала затты дұрыс сипаттап бергеннен соң ғана зат қаптан алынып, балаларға көрсетіледі, ал дұрыс аталмаса қаптан алынбайды. қажетті құралдар: Ғажайып қоржын. Балалар санына сәйкес, таныс ойыншықтар.	Д/ойын: «Экологиялық пирамида». Мақсаты: Балаларды логикалық ойлай білуге, әр сатыны таңдауын негіздей отырып, экологиялық пирамида құрастыруға үйрету. Табиғаттағы барлық нысандардың өзара байланысын көре білуге баулу.	Д/ойын: «Зоологиялық домино». Мақсаты: Балалардың жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін бекіту; ұғымталдыққа, зейін қоюшылыққа баулу. Ойын ережелері: Кімде-кім өз карточкаларын бірінші болып қойса, сол жеңімпаз болады. Жүрісті жіберіп алмай, карточканы дер кезінде қойып, мұқият болу.	Д/ ойын: Не артық? Мақсаты: Балаларды суретке қарап, оларды топтастыруға үйрету. Құстар мен жануарлардың жеке және жалпы аттарын айтқызу. Оларды қорғауға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Көрнекіліктер: әр түрлі құстар мен үй жануарлары бейнеленген суреттер.
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығу кешені № 9				

<p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық (бұдан әрі-ҮІӨ)</p>	<p>Табиғатым тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Сәлем саған-Жер ана! Сәлем саған-Нұрлы күн! Аман-есен болайық, Бейбітшілік қалайық. Біз әдепті баламыз, Біз ерекше баламыз, Қонақтарды көргенде Амандасып аламыз.</p>	<p>Табиғат қандай тамаша, Тоймаймыз біз де тамсана. Балықтар шіркін жүзеді, Табиғаттың жыры көп, Табиғаттың сыры көп.</p>	<p>Табиғат, сен тіршілік тұнып тұрған. Сен күнсің көтерілген күліп қырдан. Сен көлсің, сен ормансың. Сен - бұлбұлсың, Адамға сұлулықты шын ұқтырған!</p>	<p>Табиғатқа қамқор боп, Байлығын біз қорғайық. Әдепті да, тәртіпті боп, Жақсылығын қолдайық.</p>	<p>Біз балдырған тең басқан, Дос құшағын елге ашқан. Тілегіміз тыныштық, Ашық болсын көк аспан. Мықты болсын іргеміз, Бәріміз де біргеміз.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҮІӨ</p>	<p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p>				
	<p>Көркем әдебиет Міндеті: Сахналық қойылымдарға қатысуға баулау, онда ролді, сюжетті тандауға бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру. Мақсаты Жыл мезгілдері туралы түсінігін қалыптастыру Өлең не туралы? – Авторы кім? – Көктемде неге бәрі көңілді болады? – Қандай жаңбыр жауады? – Көктемде аспанның түсі қандай болады? – Неліктен көктемді жақсы көресің? Жұмбақты шеш. Тал басында түндіксіз отау. (Құстың ұясы) Есінде сақта! Торғай шырылдайды. Тоқылдақ тоқылдатады. Қарға қарқылдайды. Дидактикалық ойын: «Тамаша» Ойын шарты: тәрбиеші сөздер айтады. Жақсы, тамаша сөз болса, балалар жұдырығын</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі «Сөздерді буынға бөл» дидактикалық жаттығуы – Мен сендерге заттардың атын айтамын, сендер қол шапалақтау арқылы буынға бөліңдер. Мысалы: са-ғат, жас-тық, сө-ре, қа-лам, көр-пе, көй-лек, ал-тын, сыр-ға, құ-лақ, қол-ғап, си-ыр, қас-қыр, жыл-қы, май-мыл, қо-ян, та-уық, үс-тел, тыш-қан, қа-сық, ав-то-бус, қа-лам, те-ле-фон, қа-рын-даш, ар-ба, тор-ғай, то-ты-құс, ұ-шақ, ба-ра-бан, сый-лық, тас-ба-қа т.б.</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: –Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету Мақсаты: сызба бойынша сөздерді буынға бөлу, буындарды ретімен атай білу дағдыларын бекіту Күтілетін нәтиже: Жасайды: буын санына қарай сөздерді ажыратады Түсінеді: буында бір ғана дауысты дыбыс болатынын. Қолданады: сөздерді буынға бөледі «Сөз ойла» дидактикалық жаттығуы (Әр дұрыс жауапқа педагог балаларға фишка беріп отырады) –Айсұлу бізге -та буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: тарақ, тамыз, тал, табыс, тап, тапқыр, тау, тауық, таутеке, тазы, тамызық, таға, тақылдақ, таң т.б. - ба буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: балық, батпақ, бақа, бағдат, бақ, бақ-бақ, банка, бақыр, Бағжан, байғазы, бай, байлық, базар, Базаргүл, балшық т.б. -са буынынан басталатын сөздер ойлап айтуымызды сұрапты. Мысалы: сағыз, сабын, салт, Самал, сарай, сары, сай, самал, сал, сауық,</p>	<p>Сауат ашу негіздері Міндеті: - Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу Мақсаты: Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей үзбей салу Дәптермен жұмыс (графикалық жұмыс) 4. Боя. 5. Үзік сызықтарды бастыр, жалғастыр.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру. Мақсаты : әңгімені тындап ,сұрақтарға жауап беру –Сендер М.Төрежановтың өлеңдерін, әңгімелерін білесіңдер. Ол кісінің әңгімесімен, өлеңдерімен танысқанбыз. Ал қазір мен сендерге осы кісінің «Кім ақылды?» әңгімесін оқып, мазмұнын түсіндіремін. Кім ақылды? Ерден мен Еркебұлан жұптарын жазбай, жап-жақсы ойнап жүр еді. Бір кезде қолдан жасалған көпірдің үстінде біріне-бірі қарсы келіп, түйісіп қалды. Ерден: –Мен саған жол бермеймін! – деп, қасқайып, безеріп тұрып алды. Ал Еркебұлан:</p>


	<p>түйіп, басбармағын көтеріп көрсетеді. Ал жаман сөз болса, басбармақты төмен қаратып жауап береді.</p> <p>– Гүлдің иісі қандай? – Лай суды ішуге бола ма? – Құстардың даусы</p>		<p>сауыншы, сатушы, сауап, сауықшы, сан т.б. Ойын соңында фишкасы ең көп бала жеңімпаз болады</p>	<p>–Мен саған бола ерегескім де, ойынды да бұзғым келмейді, сен өте бер, – деді де, оған жол берді. Педагог әңгіме мазмұнын балалардан сұрақ қою арқылы сұрайды.</p> <p>–Балалар, сендерге әңгіме ұнадыма? –Әңгіме кімдер туралы? –Екі бала не істеп жүр еді? –Олар неге таласты? –Екі балаланың қайсысы ақылды екен? –Неге ақылды, қай іс әрекетіне қарап ақылды екенін білдің дер? әңгімедегі «ойнап», «көпір», «балалар» деген әр сөздерді буынға бөліңдерші</p>
--	---	--	---	---

**Үзіліс:Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар
«Допты қуып жет»**

Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.
Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-3-3-3-3-3
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-3-3-3-3-3



Ойын: «Допты қуып жет»
Мақсаты: Балаларды ептіліке,шапшаңдыққа тәрбиелеу.Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып, балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады.

<p>(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.) Жаман ара Қалмай ұшып соңынан, Ара құды Мұратты. -3-3-3-3 Шағып алып қолынан, Досымызды жылатты. -у-у-у-у (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)</p>		<p>Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.</p>
---	--	--

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Қоршаған орта Міндеті: бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту Мақсаты Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру Күтілетін нәтиже: <ul style="list-style-type: none"> • жол ережесін сақтау үшін, үнемі жол белгілері білуге арналған тапсырмаларды орындайды/жасайды; • көшеде тәртіп сақтау керектігін түсінеді; • қоршаған ортада өзін дұрыс ұстау дағдыларын қолданады «Бағдаршам» ойыны Жүргізуші: – Мен қызыл түсті көрсеткенде, орындарыңнан тұрасыңдар, сары түсті көрсеткенде, шапалақ ұрасыңдар, жасыл түсті көрсеткенде, бір орындарыңда тұрып жүресіңдер. – Көшеге шыққанда неге мән беру керек? – Жол белгілеріне мән беру керек. «Жолдан өту» ойыны. Шарты: балалар «жолақ жолдан» өтеді. Педагог «Солға қараймыз!», «Оңға қараймыз!» – деп бұйырады. Содан соң «Солға</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару Мақсаты қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру Күтілетін нәтижелер: меңгереді: қарапайым мысалдар мен есептерді құрастыруды, шығаруды; жазба жасауды; түсінеді: сандар мен таңбалардың көмегімен жазуды; қолданады: есепке қойылған сұраққа жауап беру білігін дамытуды, қағаз бетінде бағдарлауды 1-тапсырма. Суретті қарайды, есеп құрастырады, шығарады. Педагог есеп құрастырудың үлгісін көрсетеді: аквариумда қызғылтсары түсті 3 балық және күлгін түсті 2 балық жүзіп жүрді. Аквариумда</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды; түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын; қолданады: бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін Проблемалық іздеу тапсырмасы: Кәділердің ұзындығын қалай салыстыруға болады (бір-бірінің үстіне салу арқылы)? Педагог: Кәділерді сабағынан үзбей өлшеуге бола ма? Заттың ұзындығын</p>	<p>Математика негіздері Міндеті: - - Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру Мақсаты шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын қалыптастыру. Күтілетін нәтижелер: меңгереді: заттың ұзындығын өлшеуді, «ұзынырақ», «қысқарақ», «өлшем» сөздерін айтуды; түсінеді: өлшемнің көмегімен ұзындықты (ені, биіктігі) қалай өлшеуге болатынын; қолданады: бір-бірінің үстіне салуды, бір-біріне жақындату тәсілдерін, өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу білігін Практикалық жұмыс Педагог балаларға: көк және қызыл қағаз</p>	<p>Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Мақсаты Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау Күтілетін нәтижелер: жасайды: күнді негізгі жылу көзі ретінде атап көрсетеді. түсінеді: тірі ағзалардың күнге тәуелділігін түсінеді. қолданады: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады Қазір ғалымдар Күн – жұлдыз, қатты ыстық шар деп жүр. Күн бізге өзге жұлдыздардан үлкен, жарық сияқты көрінеді. Себебі ол Жерге өзге жұлдыздарға қарағанда</p>
--	---	---	--	--	--

	<p>қараймыз. Жолдың ортасына дейін жетеміз. Оңға қараймыз. Өтеміз», – деп әрбір іс-әрекетті сөзбен жеткізіп отырады. Балалар педагогтің көмегінің тағы да «қолдан» өтеді</p>	<p>қанша балық жүзіп жүр? - Балалар үлгіге сүйене отырып, қалған суреттердегі тапсырмаларды құрастырады, шешеді, жауабын атайды. -Екінші аквариумда неше балық бар? Олар бірдей ме? - Үшінші аквариумда неше балық бар? Балалар сұрақтарға жауап береді. Аквариумдағы балықтарды санап, есеп құрастырады.</p>	<p>өлшеуге арналған басқа да тәсілдер бар. Кез келген затты шартты өлшемнің көмегімен өлшеуге болады. Шартты өлшем ретінде таспаны, бауды, қаламды немесе кез келген басқа затты пайдалануға болады. Бүгін біз шартты өлшем ретінде жасыл қағаз таспаны пайдаланамыз. Менің қалай өлшейтінімді мұқият қараңдар. Екеуінің де бұрышы бір-біріне сәйкес келтіріп, шартты өлшемді кесіндінің үстіне саламын. Шартты өлшемнің шеті қай жерде болса, сол жерге белгі саламын. Келесі өлшем осы жерден басталады. Балалар өздерінің салыстыру тәсілдерін ұсынады. Балаларға кәділердің макеттері (муляждар, суреттер) беріледі және олар кәділерді ұзындығы бойынша салыстырады. Санайды. Осы кесіндінің неше шартты белгіге тең екенін санауды ұсынады. Кәдінің ұзындығын кім өлшейді? Кәді неше шартты өлшемге тең? Біз кәділердің қайсысы ұзынырақ екенін білдік. Бакша күтушілердің дауын шештік. Әлия мен Сырымның дауын шештік</p>	<p>таспаларын таратады. Кішкентай жасыл таспа – шартты өлшем. Педагог балаларға: алдарындағы тәрелкелерде көк және қызыл қағаз таспалар жатыр. Тәжірибелік жолмен таспалардың қайсысы ұзынырақ екенін дәлелдеп көріңдер. – Таспалардың қайсысы ұзынырақ? – Неліктен қызыл таспа ұзынырақ? – Қызыл таспа неше шартты өлшемге тең? – Көк таспа неше шартты өлшемге тең? Қайсысы көбірек: 3 пе, немесе 4 пе? Шартты өлшемнің көмегімен таспалардың ұзындығын өлшейді. Қорытынды жасайды: қызыл таспа ұзынырақ, оның ұзындығы 4 шартты өлшемге тең. Көк таспа қысқарырақ, ол 3 шартты өлшемге тең</p>	<p>жақын орналасқан. Суреттерді мұқият қарап шығып, табиғаттағы өзгерістер жайлы әңгімелеп береді. Қыстың орнына көктем келеді. Педагог берген қосымша мәліметті талқылауға қатысады: Күн бізге жылу береді. Күн болмаса, жарық пен жылусыз жер бетінде тіршілік тоқтап қалар еді. Жарықсыз, қараңғы үңгірлерде өсімдіктер, ағаштар мен гүлдердің өспейтінін немесе мүлдем аз өсетінін айтады. Өйткені өсімдіктерге су, топырақ, жарық пен жылу қажет. Қалың орманда да ағаш бұтақтары Күн сәулесін дұрыс өткізбейді. Сондықтан онда күн жарқырап тұратын көгалдағыға қарағанда шөп пен әдемі гүлдер аз болып келеді. Ал адам Күнсіз өмір сүре ала ма? Иә, өмір сүре алады. Бірақ көпке ұзамайды. Ұзақ уақыт бойы жер астында жұмыс істейтін адамдардың беті бозарып кетеді. Күннің қасиеттерін атайды (жылы, жұмсақ, мейірімді, көңілді...). Ол қатал, қорқынышты бола ма? Әлбетте, жазда, қатты ыстықта адамдар көлеңкеге тығылуға мәжбүр. Ондай ыстықпен ойнауға болмайды. Басыңа күн өтіп, денең күйіп қалады, басың да ауыруы мүмкін. Күн қуаңшылық кезінде де</p>
--	--	---	---	---	---

					қаталдық танытады. Су азайып, құрғақтықтан зардап шеккен өсімдіктер қурап қалады, жануарлар өледі, өзендер мен бұлақтар сарқылып қалады.
--	--	--	--	--	--

Үзіліс: Үстел үстінде ойналатын ойындар.

<p>Қол маторикасын дамытуға арналған санамақ Ойын: <i>Жүретін саусақтар</i>. Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту. Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар. Шарты: Суреті бар кітапшаны алып, ішін ашып, ішінде балалар білетін деген суреттерді парақ бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен), суретті нұсқап оның атын сұрайды. Балалар жауап береді. Сол ереже бойынша қайталанады.</p>		<p>Ойын: «Сарбаздарға не керек?» (5-10 мин) Мақсаты: Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Керекті құралдар: ойынға керек ресурстар. Мазмұны: Ортаға 1 қатысушы шақырылады. Мандайына сурет қойылады. Бұл суретті қарама – қарсы отырған бала мимика арқылы қатысушыға көрсетіп, түсіндіреді. Ал ойынға қатысушы оны табу керек болады.</p>
--	--	---

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

	<p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: -- балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету -- Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру - Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау - Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану Мақсаты қысқы табиғатты салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру Топтық жұмыс</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті: -- Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру, Мақсаты сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру. III айналым: Жаңылтпаштарды қайталап айту арқылы жарысу. Педагог жаңылтпаштарды айтады, балалар</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: -- Шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру Мақсаты Сөздерде неше дауысты дыбыс болса, сонша буын болатынын түсіндіру –Енді, балалар, біз ақылдылық, батырлық жайлы мақал жаттайық. Ақыл азбайды, білім тозбайды. Дидактикалық ойыны: «Ойлап, тап!» Ойын шарты: педагог буын айтады, балалар жалғасын ойлап тауып жалғастырады. мысалы: ал– Кір–</p>	<p>Көркем әдебиет Міндеті: -- Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру Мақсаты ертегіні ым-ишарамен сахналауға дағдыландыру Күтілетін нәтижелер: Жасайды: халық ауыз әдебиеті үлгілерін атайды; сахналайды; Түсінеді: ертегі мазмұнын түсінеді; Қолданады: көркем мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді . Ертегінің желісін сурет бойынша баянда. Бай немен айналысып отыр? Бәйбіше не істеп отыр? Қызы ненің жүнін жұлып отыр? Ертегі кейіпкерлерінің қимыл-әрекетін, эмоциясын келтір. Алдаркөсенің көңіл күйі қандай? Көрсет. 2. Суреттерді аяқтап сал. Боя. Педагог Алдаркөсенің шапаны мен баскімін</p>	<p>Қазақ тілі Міндеті қазақ тілі тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, ғ, н. дыбыстарын тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру «Кім зерек» дидактикалық ойыны – Балалар, көк түсті тұртбұрышты, дөңгелекті, үшбұрышты алдыларына алыңдар. Мен сендерге қатаң дыбысты айтсам, төртбұрышты, ұяң дыбысты айтсам, дөңгелекті, үнді дауыссыз дыбысты айтсам, үшбұрышты көтересіңдер Мысалы: қатаң дыбыстар: п, ф, к, қ, т, ш, с, х, һ, ц, ч, щ. Ұяң дыбыстар: б, в, г, ғ, д, ж, з.</p>
--	--	---	--	--	--

		жай, жылдам қайталайды. Доп теп, Доп теп. Жағажайды жағалай, Жүгіреді Қамажай. Пай-пай-пай, Жайылып жүр тай. Ай-ай-ай, Ұшып кетті торғай. Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?		сызық арқылы қостырып, суретті аяқтатады. 3. Мақалдың мағынасын түсініп ал. Берместің асы піспес, Қазаны оттан түспес. Мақалдың мағынасын педагог ешкімге өзінің асынан татқызбайтын, дайын тамақты ешкімге бермейтін адам деп түсіндіреді. Ойын-жаттығу: «Өз көңіліңмен бөліс». – Балалар, біз Алдаркөсені көргенде не істейміз? (Қуанамыз) – Ал сараң бай Шығайбайды көргенде не істейміз? (Ашуланамыз) Педагог ертегіні музыкалық театр арқылы сахналауды ұсынады. Ертегі кейіпкерлері бойынша рөлдерге бөледі. Басқа балалар көрермен болады.	Үнді дыбыстар: й, л, м, н, ң, р, у.
--	--	--	--	---	-------------------------------------

Үзіліс: . Қозғалмалы зерек ойындар «Өзен» ойыны

Еліктеу ойындары: “Кім жақсы айтады” P-p-r-ppp	Ы-ы-ыы-ыыы			<i>Гүлдерді иіскейік.</i> Балалар, біз өзімізді гүлдер бағында жүрміз деп елестетейік. Гүлдер әдемі және хош иісті болады. Кәне, гүлдерді иіскеп көрейікші. Жаттығу 2-3 рет қайталанады.	<i>Ойын: «Өзен»</i> Кішкене өзен арқылы. Мақсаты: балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Бірі бәрі үшін, Бәрі бір үшін. Сезімін қалыптастырады және достыққа тәрбиелейді. Көрнекіліктер: тақтай, жіп. Шарты: Тәрбиеші екі сызық сызады да (үйдің ішінде жіпті пайдалануға болады) балаларға: мынау – «өзен», - дейді; оның үстіне тақтадан көпір (ұзындығы 2-3м, ені 25-30см) салады да балаларға: «Көпір арқылы жүруді үйренейік», - деп ұсынады. Балалардың бір-біріне соқтығыспай тек тақтайдың үстімен ғана жүруін бақылай отырып, тәрбиеші балаларға суға құлап кетпеуі үшін жай жүру керек деп ескертеді: балалар тақтаймен ары-бері 2-3 рет жүріп өтеді.
--	------------	---	---	--	--

4 - ұйымдастырылған іс-әрекет

Музыка Міндеті: * Музыкалық ырғақты қимылдарын бірге жасау дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру	Музыка Міндеті: - Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру Мақсаты: Музыкалық-ырғақты қимылдарды бірге жасау дағдыларын қалыптастыру Музыка тыңдау:	Дене шынықтыру Міндеті: - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты: Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау	Дене шынықтыру Міндеті: - Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру Мақсаты: Зейінді шоғырландыра білу дағдыларын қалыптастыру, талдау мен біріктіру жүйелерін үйлестіре білуін дамытуға жағдай жасау	Дене шынықтыру Міндеті: Футбол элементтері. Берілген бағытта допты оң жән сол аяқпен тебу. II. «Қатып қал!» ойын жаттығуы. Шашырап жүру, жүгіру. «Қатып қал!» бұйрығы
---	--	--	--	--

	<p>Музыка тындау: «Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі</p>	<p>«Ақ әжем» (К. Қуатбаев) Ән айту: «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай) «Екеуіміз әйбат баламыз» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов) Билер: «Полька» эстон халық биі Ойындар, хороводтар: «Қоянды ұстандар» (К. Қуатбаев) Музыкалық аспапта ойнау: «Янка» беларусь халық биі</p>	<p>II.«Көктемге саяхат» 1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады. 2.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). 3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). 4.«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды). 5.«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). 6.«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді). 7.«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).</p>	<p>II.«Көктемге саяхат» 1.«Жылы жаңбыр» (жерді сулап, ағаш жапырақтары мен ауаны тазартып, жауын тамшыларымен ойнаймыз). Жауыннан кейін ауа тап-таза. Балаларға осы таза ауамен дем алу ұсынылады. 2.«Түрлі түсті кемпірқосақ» (түрлі түске боялып, өлкемізге сән берді). 3.«Жан біткен жасыл желек» (ағаштар, гүлдер, күн көзіне ұмтылады). 4.«Құстар-құстар» (әдемі құстар сиқырлы қанаттарын жайып, аспанға көтеріліп, қалқиды). 5.«Аңдар оянды» (оянып бой жазып, керіледі). 6.«Көбелектер» (гүлдің үстінде қалбалақтап, қалқиды да, қонады. Гүл шырынын татқан соң қайта ұшып, басқа гүлге кетеді). 7.«Шөпте жатып демалайық!» (Жасыл шөпте жатып, айналамыздағы кереметтерді тамашалаймыз).</p>	<p>бойынша бір орындарында қатып қалады.</p> <p>Топтарға бөлініп, негізгі қимыл-қозғалыстарды орындайды. Нөмірлері бойынша топ болып сапқа тұрады. 30 см биік заттар арқылы кезекпен секіруге үйретуді жалғастыру. Нұсқау – екі аяқпен ширақ серпіліп, қолды алға шығарады.</p>
Серуенге дайындық	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.	Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету.
Серуен	<p>Бақылау: Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру.</p>	<p>Бақылау: Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру.</p>	<p>Бақылау: Ауа-райын бақылау. Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау. Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу. Тазалыққа, кішіпейілдікке</p>	<p>Бақылау: Қарды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту. Қар-түсі ақ, ұстасаң қолың тоңады, жылыға ериді. Ойлау қабілетін дамыту.</p>	<p>Бақылау: Күнді бақылау. Мақсаты: Тірі табиғат үшін күннің маңызы, пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіні туралы түсінік беру. Еңбек: «Қыс қызығы».</p>

	<p>Еңбек: Ауладағы қарды күреу.Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.</p> <p>Қим.ойын: «Сырғанақ тебу».</p> <p>Мақсаты: Балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету.</p> <p>Жеке жұмыс:</p> <p>(Нұрәли, Бекарыс, Тілекжан, Аяулым)</p> <p>Жұмбақ, Терезеге қонады,</p> <p>Әсем ою ояды.(Аяз).</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілет терін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу.</p> <p>Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.</p> <p>Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату.</p> <p>Жаңа жыл,жаңа жыл,</p> <p>Жаңа жылда-жаңа нұр.</p>	<p>үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Е.Өтетілеуов «Күшік».</p> <p>Мақсаты: Ү дыбысының айтылуына жаттықтыру.Тақпақты мәнерлеп айтуға үйрету.</p> <p>Е.Өтетілеуов. «Күшік».</p> <p>Үреді үйшікте</p> <p>Аулада күшіктер</p> <p>Біреуі оның қап-қара,</p> <p>Біреуі сары ала</p> <p>Біреуі қардай ақ,</p> <p>Біреуі сұр жолақ</p> <p>Бәрібір, бәрінің жұмысы біреу-ақ:</p> <p>Үреді абалап</p> <p>Ойын: «Қасқыр мен қаздар».</p> <p>Мақсаты: Топ болып ойнауға рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».</p>	<p>Тақпақ:</p> <p>Аппақ көше, бар дала,</p> <p>Аппақ ой мен қыраттар.</p> <p>Ақ шатырлы қар қала,</p> <p>Ақ жамылып тұр бақтар.</p> <p>Еңбек: Ағаштар түбіне қар үю.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Еңбексүйгіштікке тәрбиелей отырып, үйілген қардың маңызы туралы түсінік беру.</p> <p>Жеке жұмыс: «Қыс қызығы»тақырыбында әңгіме құрату.</p> <p>(Абдубақыт, Айару, Данагүл, Дильназ)</p> <p>Мақсаты: Сөздік қорын дамыту, ойын жүйелеп жеткізе білуге үйрету.</p> <p>Ойын: «Қардан түрлі бейнелер жасау».</p> <p>Мақсаты: Ойынға қызығушылығын арттыру.</p>	<p>Мақсаты: Балалар мен ата-аналар біріге отырып, ойын алаңын әшекейлеу, қардан сырғанақ жасау. Бірлесіп еңбек етуге үйрету, үлкендердің еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Ақ сандығым ашылды,</p> <p>Ішінен жібек шашылды.</p> <p>(Күн)</p> <p>Мақсаты: Балаларға жұмбақтарды жаттата отырып, тіл байлықтарын дамыту, ойлау қабілеттерін арттыру.</p> <p>Қимылды ойын:«Айгөлек».</p> <p>Мақсаты: Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.</p>
Балалармен жеке жұмыс	Ансарға өленді жаттату	Айзере Д ,Ансарға дыбысы мен әрпін қайталату.	Алиханға заттың ұзындық өлшем бірліктерін қайта сұрап естеріне түсірту.	Айымға апта күндерін жаттату.	Айзереге пішіндер түрін жаттату.
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар	«Бір-бірімізбен сәлемдесейік» ойыны Мақсаты:Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі дамиды.	«Керісінше айт» ойыны Мақсаты:Логикалық ойлай алады,қарама-қарсы мағынасы бойынша айтады.	Дидактикалық ойын: «Ұқсастықты тап» Мақсаты:Заттардағы ұқсастықты табады және өз дәлелін негіздей отырып айта алады.	«Сөйлемді толықтыр» ойыны Мақсаты:Ойлау жылдамдығын, сөйлеу белсенділігін дамыту.	Дидактикалық ойын: «Бұл қай мезгіл?» Мақсаты:Төрт мезгілдің өзгерістерін ажыратады.Мезгілді рет-ретімен атайды.

<p>Балалардың үйге қайтуы</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет студия алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз.</p>	<p><i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз.</p>
--------------------------------------	--	--	--	--	--

Тексердім